

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 1 (130)/2020

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020
Nur-Sultan, 2020
Нур-Султан, 2020

Бас редакторы
Г.Ж. Менлибекова,
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
(психология)

А.Р. Ерментаева, п.с. ф. д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
(әлеуметтану)

Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Қазақстан)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 30 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі,13/1, тел.: +7(7172)709-500
(ішкі 31410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
G.Zh.Menlibekova

Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Esengalieva A.M	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Otar E.S.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.
Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 30 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор
д.п.н., профессор
Г.Ж. Менлибекова (Казахстан)

Зам. главного редактора
(психология)

А.Р. Ерментаева, д.пс. наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора
(социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Есенгалиева А. М

к.п.н., доцент (Казахстан)

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

докт. (Болгария)

Отар Э. С.

PhD (Казахстан)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., доцент (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 30 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Аипова А.К.</i> Этникалық сана-сезімнің құрылымы мен мәні	8
<i>Албытова Н.П.</i> Білім алушының қауіпсіз және жайлы білім беру ортасы	19
<i>Аманова А.К., Сармурзин Е.Ж.</i> Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі: мәні мен қалыптастыру мүмкіндігі	25
<i>Аширова Ж.У., Жолдасбекова С.А.</i> Колледждің мәдени және білім беру ортасында студенттердің құқықтық мәдениетін оқыту принциптері	31
<i>Балтабаева Ж.Б., Абибулаева А.Б.</i> Табыс факторларының оқу кешеніндегі стратегиялық басқаруына әсері	38
<i>Гриценко А.П.</i> Болашақ «Тарих» пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін анықтауда мультимедиялық технологияларды қолдану	45
<i>Джантасова Д.Д., Тентекбаева Ж.М.</i> ЖОО студенттерінің көптілді білім алуы мәдениетаралық қарым-қатынастың тиімділік факторы ретінде	53
<i>Жилбаев Ж.О., Наурызбай Ж.Ж., Паевская Е.В.</i> «Мәңгілік Ел» құндылықтарының педагогикалық негіздері	59
<i>Изотова А.С., Тулегенова М.К.</i> Техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің өзіндік жұмысы кезінде Edmodo платформасын қолдануы	68
<i>Кабылова М.С., Абишев Н.А.</i> Педагогикалық кадрларының кәсіби қызметін ғылыми ұйымдастыру	75
<i>Құрманбаева Д.Қ.</i> Шет тілі сабақтарында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіру	83
<i>Менлибекова Г.Ж., Дальбергеннова Л.Е., Ахметова А.Ж.</i> Сахналық ойын жоғары оқу орнында шет тілін оқытудың инновациялық әдісі ретінде	89
<i>Нурбекова Ж.К., Байғушева Б.М.</i> Цифрлық дидактиканың қалыптасуына білім берудің цифрлық трансформациясының әсері	96
<i>Рахимжанова М. М., Бигарстанова К. К.</i> ЖОО студенттерінің экологиялық санасын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық шарттары	102
<i>Стамбекова А.С.</i> «Бастауышта көптілді оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасының ерекшелігі	115
<i>Трапицын С.Ю., Туякова У.Ж., Орынбекова А.С.</i> Мемлекеттің әлеуметтік және білім беру саясатын жүзеге асырудың заманауи мәселелері	121
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А.К., Бекир Булuch.</i> Отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту жүйесі	128
<i>Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Тұяқов Е.А., Дюсов М.С.</i> Қазақстанның жаратылыстану-математикалық білім саласының дамуы туралы	139

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абенова К.А., Амирбекова Г.Е.</i> Аутизм синдромды балалардың қоғамға бейімделу мүмкіндіктері және «Асыл Мирас» аутизм орталығының тәжірибесі	148
<i>Ибраимова А.Б., Ерментаева А.Р.</i> Жеткіншектік жастағы психологиялық дамудың теориялық негіздері	159
<i>Кривицова Т.М.</i> Дағдарыс жағдайларындағы жыныс-жастық мінез-құлықтың ерекшеліктері	168
<i>Стельмах С.А., Мацкевич И.К., Дергачева Е.В., Барабанова Е.И.</i> Пропедевтика инклюзии для детей с тяжелыми психоневрологическими расстройствами: возможности аудиотренировок по методу А. Томатис	177
<i>Тенкебаева А.З., Иманбекова Г.Б.</i> Студенттердің денсаулығын сақтаудағы психологиялық сүйемелдеу мәселелері	190

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Байгабылов Н.О., Мұсабаева А.Б.</i> Қазақстандық өзбектер: өзбек жасөспірімдерін әлеуметтанулық зерттеу	196
<i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i> «Perceived Social Support Scale» сауалнамасын бейімдеу: ішкі келісімділік және факторлық талдау	206

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Aipova A.K.</i> The Structure and the Essence of the Ethnic Identity	8
<i>Albytova N.P.</i> Safe and comfortable educational environment of a learner	19
<i>Amanova A.K., Sarmurzin Y. Zh.</i> Professional competence of future educational psychologists: its essence and formation possibilities	25
<i>Ashirova Z.U., Zholdasbekova S.A.</i> Principles of education of the legal culture of students in the cultural and educational environment of college	31
<i>Baltabayeva Zh.B., Abibulayeva A.B.</i> The impact of success factors on the strategic management in an educational complex	38
<i>Hrytsenko A.P.</i> Determine the methods of forming the professional competence of future history teachers using multimedia technologies	45
<i>Jantassova D.D., Tentekbayeva Zh.M.</i> Multilingual education of university students as a factor of cross-cultural communication efficiency	53
<i>Zhilbayev Zh.O., Nauryzbay Zh.Zh., Payevskaya E.V.</i> Pedagogical principles of values of «Mangilik El»	59
<i>Izotova A.S., Tulegenova M.K.</i> Use of the Edmodo platform in the students' independent work at technical university	68
<i>Kabylova M.S., Abishev N.A.</i> Scientific organization of Pedagogical staff professional activities	75
<i>Kurmanayeva D.K.</i> Improving critical thinking in students in foreign language classes	83
<i>Menlybekova G.Zh., Dalbergenova L.E., Akhmetova A.Z.</i> Stage game as an Innovative Approach of Teaching a Foreign Language in Higher Educational Institutions	89
<i>Nurbekova Zh.K., Baigusheva B.M.</i> The Impact of Digital Transformation of Education on the formation of Digital Didactics	96
<i>Rakhimzhanova M. M., Bigarstanova K.K.</i> Socio-pedagogical conditions for the development of environmental awareness of university students	102
<i>Stambekova A.S.</i> Features of the modular educational program in the specialty «Pedagogy and methodology of primary education with multilingual training»	115
<i>Trapitsyn S.Yu., Tuyakova U.Zh., Orynbekova A.S.</i> Modern problems of the implementation of social and educational policy of the State	121
<i>Shalgynbayeva K.K., Makhadiyeva A.K., Bekir Buluç.</i> Socio-pedagogical system of rehabilitation of women victims of domestic violence	128
<i>Shuinshina S., Alpeissov Y., Tuyakov Y., Dyussov M.</i> On the development of natural-mathematical education in Kazakhstan	139

PSYCHOLOGY

<i>Abenova K.A., Amirbekova G.Y.</i> Opportunities to adapt for children with autism syndrome in society and the experience of center «ASYL Miras»	148
<i>Ibraimova A.B., Yermentayeva A.R.</i> Theoretical foundations of psychological development of adolescence	159
<i>Kravtsova T. M.</i> Age and gender features of behavior in crisis situations	168
<i>Stelmakh S.A., Matkevich I.K., Dergacheva Ye.V., Barabanova E.I.</i> Propaedeutics of inclusion for children with severe neuropsychiatric disorders: the possibility of audio training by the method of A. Tomatis	177
<i>Tenkebaeva A.Z., Imanbekova G.B.</i> Problems of psychological support in the protection of students' health	190

SOCIOLOGY

<i>Baigabylov N.O., Mussabayeva A.B.</i> Uzbeks in Kazakhstan: sociological research on Uzbek youth	196
<i>Mustafina A.S., Amitov S.A.</i> Adaptation of the questionnaire's "Perceived Social Support Scale": internal consistence and factor analysis	206

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Аипова А.К.</i> Структура и сущность этнического самосознания	8
<i>Албытова Н.П.</i> Безопасная и комфортная образовательная среда обучающегося	19
<i>Аманова А.К., Сармурзин Е.Ж.</i> Профессиональная компетенция будущих педагогов-психологов: ее сущность и возможности формирования	25
<i>Аширова Ж.У., Жолдасбекова С.А.</i> Принципы воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа	31
<i>Балтабаева Ж.Б., Абибулаева А.Б.</i> Влияние факторов успеха на стратегическое управление в образовательном комплексе	38
<i>Гриценко А.П.</i> Определение методов формирования профессиональной компетентности будущих учителей истории с использованием мультимедийных технологий	45
<i>Джантасова Д.Д., Тентекбаева Ж.М.</i> Полиязычное образование студентов вуза как фактор эффективности межкультурного общения	53
<i>Жилбаев Ж.О., Наурызбай Ж.Ж., Паевская Е.В.</i> Педагогические основы ценностей «Мәңгілік Ел»	59
<i>Изотова А.С., Тулегенова М.К.</i> Использование платформы Edmodo при самостоятельной работе студентов технического вуза	68
<i>Кабылова М.С., Абишев Н.А.</i> Научная организация профессиональной деятельности педагогических кадров	75
<i>Қурманаева Д.К.</i> Совершенствование критического мышления у обучающихся на занятиях иностранного языка	83
<i>Менлибекова Г.Ж., Дальберженова Л.Е., Ахметова А.Ж.</i> Сценическая игра как инновационный метод обучения иностранному языку высших учебных заведений	89
<i>Нурбекова Ж.К., Байгушева Б.М.</i> Влияние цифровой трансформации образования на формирование цифровой дидактики	96
<i>Рахимжанова М.М., Бигарстанова К.К.</i> Социально-педагогические условия развития экологического сознания студентов вуза	102
<i>Стамбекова А.С.</i> Особенности модульной образовательной программы по специальности «Педагогика и методика начального обучения с полиязычным обучением»	115
<i>Трапцын С.Ю., Туякова У.Ж., Орынбекова А.С.</i> Современные проблемы реализации социальной и образовательной политики государства	121
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А.К., Бекир Булуч.</i> Социально-педагогическая система реабилитации женщин пострадавших от домашнего насилия	128
<i>Шунишина Ш.М., Альпеисов Е.А., Туяков Е.А., Дюсов М.С.</i> О развитии естественно-математического образования Казахстана	139

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абенова К.А., Амирбекова Г.Е.</i> Возможности адаптации для детей с синдромом аутизма в обществе и опыт центра «Асыл Мирас»	148
<i>Ибраимова А.Б., Ерментаева А.Р.</i> Теоретические основы психологического развития подросткового возраста	159
<i>Кравцова Т.М.</i> Половозрастные особенности поведения в кризисных ситуациях	168
<i>Стельмах С.А., Мацкевич И.К., Дергачева Е.В., Барабанова Е.И.</i> Пропедевтика инклюзии для детей с тяжелыми психоневрологическими расстройствами: возможности аудиотренировок по методу А. Томатис	177
<i>Тенкебаева А.З., Иманбекова Г.Б.</i> Проблемы психологического сопровождения в здоровьесбережении студентов	190

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Байгабылов Н.О., Мұсабаева А.Б.</i> Узбеки Казахстана: социологическое исследование узбекской молодежи	196
<i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i> Адаптация опросника «Perceived Social Support Scale»: внутренняя согласованность и факторный анализ	206

XFTAP 15.41.49

Қ.Қ. Шалғынбаева¹, А.К. Махадиева², Бекир Булұч³
*¹²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*
³Гази университеті, Анкара, Түркия
(E-mail: kadisha1954@mail.ru, asema_2189@mail.ru, bekirbuluc@gmail.com)

Отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту жүйесі

Аннотация. Мақалада отандық және шетелдік қоғамда отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шегіп отырған әйелдердің әлеуметтік орнын анықтау үшін Қазақстан, Ресей және т.б. мемлекеттердің гендерлік саясаты қарастырылып, отбасылық зорлық-зомбылықтан құрбан болып отырған әйелдерді оңалтудың шетелдік моделдеріне талдау жасалынған. Психологиялық зерттеу арқылы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық профилін қалыптастырып, зерттеу нәтижесінен алынған мәліметтерге сүйене отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалтудың неғұрлым тиімді әдістері ұсынылған.

Түйін сөздер: отбасы, зорлық-зомбылық, гендерлік саясат, әлеуметтік-педагогикалық оңалту жүйесі, тұлғалық профиль.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-130-1-128-138>

Түсті: 23.09.19/ **Жарияланымға рұқсат етілді:** 27.02.20

Кіріспе. Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық адам құқығын бұзып отырған неғұрлым кең тараған және жасырын мәселе болып табылады. Тек кейінгі уақытта ғана барлық мемлекеттерде бұл өткір мәселе ретінде талқылана бастады. Біздің қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес, қылмыспен күрес сияқты манызды сұрақтардың біріне айналды. Өкінішке орай, отбасының мүшелеріне, яғни құрбан болған адамның жынысы немесе жасына қарамастан жасалынған зорлық-зомбылық дәйегі сыртқа айтылмай үнсіз қалып жататын жағдайлар да кездеседі. Зардап шеккендер ол туралы ешкімге айтпайды, айтылғанымен сотқа дейін жететіндері аз. Себебі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандар «мен өзім кінәлімін» деген айыппен үнсіз жүре береді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан жаңа дәуірге жынысы, жасы немесе басқа белгілері бойынша ешқандай қысым көрсетусіз кіруі керек екенін бірнеше рет атап өтті. «Халқымыз «Қыздың жолы жіңішке» деп ерекше атаған. Қыздың жолы өте нәзік, оны кесіп тастауға болмайды. Қыз, әйел әрқашан біздің қоғамның тең құқылы мүшесі болды, ал анасы - оның ең құрметті адамы. Біз әйелге – анасына, жұбайына, қызына деген ерекше құрметті қайтаруымыз керек. Біз аналықты қорғауымыз керек. Мені, отбасындағы әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсуі алаңдатады. Әйелге деген құрметсіздік қатынасы болмауы керек. Мен бірден айтамын, мұндай зорлық-зомбылықты қатаң түрде басу керек. Мемлекет, әсіресе, әйелдерге тауар ретінде қараудың сексуалдық құлдықтың бұрыннан келе жатқан өрескел жағдайларын қатаң түрде болдырмауы керек.

Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Мемлекет баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған аналарға көмектесуі керек. Біз әйелдерге жұмыстың икемді түрлерін ұсынуға және үйде жұмыс істеуге жағдай жасауымыз керек. Заң, мемлекет және мен әйелдеріміздің жағында боламыз», - деді Елбасы өз Жолдауында. Сондай ақ «Қазақстан-2050» стратегиясында Н.Назарбаев Қазақстан қоғамының ең негізгі міндеттерінің бірі зорлық-зомбылықтан аналық пен балалықты қорғау деп көрсеткен болатын [1].

Бүгінгі таңда Қазақстанда ауқымды гендерлік саясат жүргізілуде, соның арқасында әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша біршама жақсартуларға қол жеткізуде. Қазіргі таңда біздің қоғам бұл құбылысқа қарсы екендігін көптеген мысалдармен көрсетуге болады. Ең алдымен, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша заң күшейтілген. Елімізде «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі заң» 2009 жыл қабылданса, ал көршілес Ресей Федерациясында мұндай заң жоқ. Алайда ресейлік депутаттар мұндай тұрмыстық зорлықшыларға қатаң шара қолданып, 3 жылдан кем емес бас бостандығынан айыруды ұсынып отыр.

Ал Канадада бұл мәселеге ерекше көңіл аударады. Бұл елде 6 желтоқсанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет және еске алудың Ұлттық күні атап өтіледі. Осы күні Канадада түнгі кезекшіліктер, саяси дебаттар және басқа да іс-шаралар өтеді.

Грузияда тұрмыстық зорлық-зомбылық жөніндегі заң 2006 жылы мамыр айында қабылданды.

2016 жылы 1 наурыздан бастап Қытай тарихында бірінші рет тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі жоба өңделді. Заң жобасы бойынша жеке адам болсын, не әлеуметтік жұмыскер болсын отбасындағы физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылық оқиғасы жөнінде хабарлай алады [2].

Мақсаты: Отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту жүйесінде ғылыми-тәжірибелік талдау.

Міндеттері:

- отандық және шетелдік қоғамда отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шегіп отырған әйелдердің әлеуметтік орнын анықтау;
- отбасылық зорлық-зомбылықтан құрбан болып отырған әйелдерді оңалтудың шетелдік моделдерін талдау;
- психологиялық зерттеу арқылы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық профилін анықтау;
- зерттеу нәтижесінен алынған мәліметтерге сүйене отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалтудың неғұрлым тиімді әдістерін анықтау.

Тарихы:

2019 жылдың 8 маусымында БҰҰ басқармасының нашақорлық және қылмыс бойынша баяндамасында бүкіл әлем бойынша өзінің жұбайы немесе туыстары жағынан зорлық-зомбылықтан бір жыл ішінде шамамен 50 мың әйел және қыздар көз жұмған. Жалпы 2017 жылы 87 мың әйел өлімнің құрбаны болған. 2012 жылмен салыстырғанда отбасындағы зорлық-зомбылықтан көз жұмған әйелдердің саны өскенін көрсетеді. 2017 жылы отбасылық зорлық-зомбылықтың 20 мың оқиғасы дерлік Азияда тіркелген. Африкада жұбайы немесе туыстары жағынан зорлық-зомбылықтан 19 мың, ал Америка континентінде – 8 мың, ал Еуропада – 3 мың әйел немесе қыз қайтыс болған. 2019 жылы 24 маусымында Парламент депутаттарының ІІМ және бас прокуратураның мәліметтеріне сүйене отырып, Қазақстанда 2015 жылмен салыстырғанда 2018 жылы әйел және балаларға қатысты зорлық-зомбылық статистикасы 90%-ға, ал тұрмыстық зорлық-зомбылық саны 104%-ға дерлік өскенін мәлімдейді. БАҚ келтірген «БҰҰ-әйелдері» қорының мәліметтері бойынша, жыл сайын Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың нәтижесінен шамамен 400 әйел көз жұмады [3].

Демек, елімізде «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» жөніндегі заңы қабылданғанымен, көтеріліп отырған мәселе әлі де өз шешімін таппай отыр. Өткен 2018 жылы тек Астана қаласының өзінде жыл басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 4 мыңға тарта әйел полицияға жүгінген [4].

Бұл тек нақты түрде тіркелген мәлімет, ал басқа қалаларда және ауылда тиісті орындарға хабарлай алмай, зорлық-зомбылықтың құрбаны болып отырған қаншама әйелдер

бар. Зорлық-зомбылық өз алдына тек жәбірленушілердің құқықтарын бұзып қана қоймай, өскелең ұрпақ үшін теріс үлгі болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық әйелдерде психологиялық мәселенің және психикалық бұзылыстың дамуына апаратын бір фактор. Зорлық-зомбылықтың салдарынан әйелдерде мынадай эмоционалды және мінез-құлықтық салдар пайда болуы мүмкін: немқұрайлылық немесе қатаң қатынастағы минимализм, эмоционалды қашу, импульсивтілік, агрессивтілік, дәрменсіздік, ашуланшақтық пен мазасыздық, ұйқының бұзылуы және тамақтанудағы мәселелер, алкогольді ішімдіктер немесе басқа да психоактивті заттарды пайдалану, суицидтік мінез-құлық. Яғни, зорлық-зомбылық отбасының құлдырауына әкеледі, оның мүшелеріне психотравмалық әсерін көрсетеді, балаларда тұлғалық ауытқудың дамуына апарады, жалпы қоғам денсаулығы күйін нашарлатады. Сондықтан өз отбасында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсету өте маңызды. Алайда өз отбасында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге психологиялық көмек көрсету әдістерін қайта өңдеу және жүйелеуге мұқтаж болып отыр [5].

Ресейлік психологиялық әдебиеттерде отбасыишілік қатаң қатынас мәселесіне арналған жұмыстар көп. Дегенмен ол материалдармен зардап шеккен адамдармен тиімді психологиялық түзету жұмысын, теріс салдарды психологиялық оңалту және психологиялық алдын алу бойынша жұмыстар жүйесін құруға мүмкіндік бере бермейді.

Соңғы уақыттары ресейлік және шетелдік қоғамда осы мәселені шешуге әлеуметтік, психологиялық және басқа да мекемелер тарапынан көп көңіл аударып отыр. Алайда Батыс елдерімен салыстырғанда әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсету бойынша жеткілікті деңгейге көтеріле алмай отыр [6].

Ал біздің елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстары өте аз. Өзінің жолдасы тарапынан қатаң қатынастан зардап шеккен құрбандарға әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек көрсету жеткілікті дамымаған. Отбасындағы зорлық-зомбылықтан құрбан болған әйелдермен және балалармен кәсіби білікті жұмыс атқаратын мамандар тапшы. Ал тиесілі жоғарғы деңгейде әлеуметтік-психологиялық көмекті ала алмаған әйелдер өз өмір жолын дұрыс жалғастыра алмағандықтан, толық қанды дербес өмірді бастап кете алмай, қайтадан алдыңғы өміріне қайта оралады. Сонымен қатар, құрбан болған тараптардан, яғни әйелдің өзі отбасындағы жағдайы үшін ұялып, кейде тіпті отбасындағы жағдайды одан сайын шиеленістіріп алмайын деген қорқыныштан психологқа, заңгерге немесе әлеуметтік жұмыскерге жүгінбейді. Оның себебі зардап шеккен әйелдердің тәрбиесіне, мәдени немесе діни наным-сенім ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Отбасындағы мұндай жағдайды солай болуы тиіс деп қабылдайды. Сонымен қатар, әйелдердің отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болуына әкелетін тағы бір фактор олардың психологиялық тұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты. Осы мақсатта біз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерге қолданылатын шетелдік оңалту жұмыстарына талдау жасадық.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі көптеген елдер үшін өзекті болып отыр. Сондықтан соңғы он жылдықта оңалтудың алуан түрлі моделдері көбейіп отыр. Оңалту бағдарламалары әртүрлі салада жұмыс атқаратын, яғни психолог, әлеуметтік жұмыскер, кеңес берушілер, педиатрлар және т.б. мамандардың қатысуымен арнайы мамандандырылған орталықтарда өңделген. Алайда шетелдік оңалту бағдарламалары көбінде терапиялық бағыттағы психологиялық оңалту моделдері, яғни әрбір орталықтың отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерге көмек көрсетудің өзіндік концепциясы және бағдарламасына ие.

Көптеген шетелдік модельдердің ішінен біршама жылдар бойы оң нәтиже беріп келе жатқан бірнеше моделді қарастыруға болады.

«Зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандарды оңалту бағдарламасы» (Калифорния, АҚШ). Осы модельдің зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандармен жұмыс

тәжірибесі Калифорния және басқада штаттарда жаңа орталықтарды ашуға үлгі болып отыр. Бұл бағыт зорлық-зомбылық мәселесін топпен талқылауға негізделген. **Бірінші** кезекте құрбан болғандармен дербес кеңес беру жүргізіледі. **Екінші** кезекте Вирджиния Сатирдің моделі - гуманистік психологияға негізделген терапиялық модельге сүйене отырып, отбасылық кеңес беру жүргізіледі. **Үшіншіден**, яғни негізгі саты болып саналады. Мұнда барлық отбасымен терапиялық жұмыс жүргізіледі. Жұмыс берілген тақырып аясында топтық талқылау, пікір-талас формасында жүргізіледі. Топтағы жұмыс тақырыптары: дағдарыс, мазасыздық, үмітті ояту, сұрақ-жауап, ажырасу, заң және т.б. Алдымен ер адам және әйелдер тобымен жеке-жеке жұмыс атқарылады. Содан кейін жұп топтармен жұмыс басталады. Олар алдында ер адам және әйелдер тобындағы жұмысқа қатысулары тиіс. Осы топтар ең маңыздысы болып саналады. Ерлі-зайыптылардың немесе азаматтық некеде тұрған осы топта отбасына қатысты сұрақтар талқыланады: серіктердің қажеттіліктері және қалауларын анықтау, жыныстық қатынасқа байланысты сұрақтарды ашық талқылау, дау-жанжалды тиімді шешу, өзара қатынастың жағымды жақтарын анықтау және т.б. [7]

«Vir-Elefanten» (Стокгольм, Швеция) бағдарламасы. Бұл бағдарлама балалық шағында зорлық-зомбылықты басынан кешірген, алайда қандай да бір себептерге байланысты дағдарыс орталықтарына жүгіне алмаған адамдарға арналған. Психотерапиялық көмек есею барысында қол сұғушылықтан зардап шеккен жастарға, сонымен қатар әйелдер мен ер адамдарға көрсетіледі. Терапиялық жұмыстың негізі дағдарыс және жан жарасы теориясы болып табылады. Осы модельдің оңалту жұмысының негізгі мақсаты травмадан кейінгі стрестік синдроммен түзету жұмысы. Психотерапиялық жұмыста қолданатын негізгі тиімді әдістері:

- жастармен және ересектермен әңгімелесу формасындағы терапия;
- ойын терапиясы;
- символикалық терапия;
- бейнелеу терапиясы,
- қимыл-қозғалыс терапиясы,
- топтық терапия және т.б.

Оңалту моделі өзінің теориялық мазмұны жағынан топтық терапия негізінде оңалтудың дербес және отбасылық формаларына негізделген [8].

«Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа араласудың ішкі жобасы» (Domestic Violence Intervention Project - DVIP). Бұл модельдің алдыңғы екеуінен ерекшелігі оңалту жұмысы зорлықшының өзіне бағытталған. Жалпы терапиялық жұмыс сегіз сатыдан тұрады.

Терапиялық жұмыстың **бірінші** кезеңінде клиенттің өзінің зорлық-зомбылығы мен әдепсіз мінез-құлқын тануға көмектесу қажет, оның іс-әрекеті іс жүзінде ешқандай нәтиже бермейтініне күмәндануына және қатал мінез-құлықты тоқтатуға итермелеу керек. Клиент өзінің мінез-құлқының салдары мен ауырлығын түсіну үшін, оның қатыгездігінің толық картинасы құрылады.

Екінші кезеңде клиент бұрын көрсеткен зорлық-зомбылық көріністері туралы көбірек біле бастайды, оған серіктеске деген өсіп келе жатқан дұшпандық пен ашу-ызаны тануға емес, сонымен қатар осындай көріністермен сәтті күресуге үйретеді.

Үшінші кезеңде терістеу дәрежесін төмендетуге тырысады (жауапкершіліктен бас тартуды қоса), себебі ер адамға кінә, ұят және өкіну сияқты сезімдерден қашу қиын болу үшін. Клиенттің өзі жасаған істерін адал айтуға кедергі келтіретін факторлар анықталады; ол әйелдер мен балалардың басынан кешірген әңгімелерін тыңдай отырып, оларға жанашырлықты сезінеді.

Төртінші сатыда ер адамның қатыгездігі физикалық та, физикалық зорлық-зомбылықсыз да көрінетін, жасауға болмайтын мінез-құлық екендігін түсінуін қамтамасыз ету керек.

Бесінші кезеңде ер адамға күш пен әдепсіз мінез-құлықты қолдануын қамтамасыз

ететін серіктес туралы күтімін өзгертуге көмектеседі. Клиенттің өз күтімдерінің әмбебаптылығы, ақылға қонымдылығы, әділеттілігі және шынайылығы туралы ойлануға итермелейді. Осы мақсатта топтық жұмыс пайдалы болып табылады.

Алтыншы кезеңде серіктесін бақылауға алмайтын, мінез-құлықтың жаңа тәсілдерін қолдану қабілеттілігі жоғарлайды. Ер адамның ашуды түсінуіне көмектесетін өмірлік жағдайларды рөлге кіріп ойнап көреді, бірақ ол сыйластық қатынаста қалуы керек.

Жетінші кезеңде клиентке ашудың астында жасырын тұрған жүрегін жаралайтын сезімдерін мойындауға және ашық көрсетуге көмектесу.

Сегізінші соңғы кезеңде ер адамның қазіргі бастан кешулеріне әсер еткен өткен тәжірибені талдау, рефлексиялау қабілеті жоғарлайды. Сонымен қатар, өткенді қазіргі өзара қатынасқа проекциялау төмендейді.

Бұл модель көптеген құқық бұзушылар үшін жарамды (бірақ барлығына емес). Садо-мазохистік мінез-құлық, психоз, патологиялық қызғаныш және проекцияны шамадан тыс қорғаныстық механизм ретінде қолданатын индивидтерге бұл модельді қолдану қиын. Терапиялық мақсат адамдарға ер адам және әйел болуға көмектесетін неғұрлым икемді форманы табуға көмектесу. Негізгі міндет – оңалту үдерісінде клиенттердің гендерлік мәселелер бойынша қалыптасқан және әйелдер мен ерлер арасындағы құқықтар мен артықшылықтар айырмашылығына әкелген стереотиптік түсініктерге қарсы тұруға даярлығын дамыту. Оңалту үдерісінде дербес, топтық және отбасылық терапия интеграцияланады. Мультимодалды модельдің артықшылығы, әрбір адам уникалды, терапиялық жағдайда өзін әр қырынан көрсете отырып, өзі туралы жаңа түсініктерге ие болады [9].

Профессор Л.Миллс (АҚШ) татуластырушы және терапиялық стильдер кешеніне негізделген «Үйдегі зорлық-зомбылық шеңбері» (the Intimate Abuse Circle) деп атаған отбасындағы зорлық-зомбылықпен жұмыс істейтін өзіндік моделін өңдеді. Татуластырушы стиль позициясы тұрғысынан отбасы мүшелерінің біреуінің девиантты мінез-құлқы барлық жүйедегі дисгармония индикаторы ретінде қарастырады. Терапиялық стиль зорлаушының өз ойларын, сезімдері мен мінез-құлқын бақылауда мәселелері бар екенін мойындаудан тұрады. Осы келіс аясында девиант тұлғасын нормаға айналдырудағы терапиялық әсерді ұсынады. Мамандар ұйымдастырған кездесулерге тек зорлаушы мен жәбірленуші ғана емес, сонымен бірге жақын туыстары да шақырылады. Бұл кездесулердің басты міндеті – кінәліні табу немесе жәбірленушіні ақтау емес, серіктестер арасындағы қарым-қатынастардың динамикасын бақылау, әр отбасы мүшесінің кінәсін анықтау және зорлық-зомбылық циклін одан әрі тоқтатудың жоспарын бірлесіп жасау болып табылады. Автордың пікірінше, мұндай үлгіні мойындау отбасындағы зорлық-зомбылықтың табиғатын тереңірек түсінуге, оның деңгейін төмендетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар әйелдерге жағдайды бақылауға және жеке шешім қабылдауға мүмкіндік береді [10].

Зерттеу әдістері:

Жоғарыда атап өткен модельдермен қатар отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдермен тиімді оңалту жұмыстарының әдістерін анықтау үшін біз ең алдымен сол әйелдерге зерттеу жүргіздік. Зерттеу барысында әңгімелесу және ММРІ тұлғалық сауалнама қолданылды. Зерттеу Нұр-Сұлтан қаласындағы «Үміт» дағдарыс орталығында жүргізілді.

ММРІ тұлғалық сауалнама арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық ерекшеліктері анықталып, психологиялық сипаттама жасалынды. Жалпы ММРІ тұлғалық сауалнамасы негізгі 10 және қосымша 3 шкаладан тұрады.

Нәтижесі:

Эксперименталды топ ретінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер (70 әйел), ал бақылау тобы ретінде қалыпты отбасындағы әйелдер алынды (70 әйел). Отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдермен әңгімелесу әдісін

жүргізу барысында мынандай мәліметтер алынды.

Әлеуметтік жағдайы бойынша:

- басым көпшілігінің жоғарғы білімі жоқ;
- жұмыссыз;
- 18-50 жас аралығындағы әйелдер;
- балаларының саны 1-4;
- басым көпшілігі азаматтық некеде;
- күн көріс табысы төмен;
- күйеуі ішімдікке салынған;
- заң алдында жауапқа тартылғандар;
- нашақорлар.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әсерінен әйелдер тұлғасынан көрінген жалпы психикалық салдары:



- Травмадан кейінгі стрестік бұзылыс: түндегі қорқыныштар, өте күшті мазасыздық, ұйқының бұзылуы және бір-бірімен байланысы жоқ түрлі ойлар;
- Депрессия, ұзақ уақытқа созылған қайғы;
- Өзін төмен санау;
- Суицидалды ойлар немесе өз-өзіне қол жұмсау ұмтылысы.

Құрбан болған әйелдердің жалпы эмоционалды және рухани салдары:

- Үмітсіздік;
- Құндылықтарының бұзылысы;
- Мотивацияның функциялануының бұзылысы (мақсатқа жету, қажеттіліктерін саналау);
- Өзінің эмоциясын ұстай алмайды;
- Сенуге қабілетсіздік;
- Өз өмірінің жауапкершілігінен бас тарту;
- Өзін әйел болуға лайықсыз деп санау;
- Өмірден көңілі қалу.

Әңгімелесу әдісінен кейін екі топқа да ММРІ тұлғалық сауалнамасы жүргізілді. Эксперименталды зерттеудің нәтижесі бойынша әйелдердің тұлғалық профилін төмендегі суреттен байқауға болады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны Қалыпты отбасындағы әйелдердің тұлғалық профилі болған әйелдердің тұлғалық профилі



Сондай ақ алынған нәтижелерге факторлық анализ жасалынып, шкалалар арасында корреляциялық байланыс орнатылған болатын. Оның нәтижелері Personal profile of women subjected to domestic violence in Kazakhstan мақаласында, Advanced Pharmacy Education & Research атты журналда жарияланды [11]. Сол зерттеудің негізіне сүйене отырып тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық қасиеттеріне мінездеме

жасалынды. Жалпы ММРІ әдістемесі бойынша нормадағы тұлғалық профиль 30-70 балдың арасында көрінуі тиіс. Қалыпты отбасындағы әйелдердің тұлғалық профилі суреттен көріп тұрғанымыздай нормада. Ал тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық профиліне келетін болсақ нормадан жоғарғы пикте тұрған параноя және шизофрения шкаласы. Демек, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерге параноялық шизофрения тұлғалық қасиеттер тән. Яғни құрбан болған әйелдер агрессивті қоғамға қарсы мінез-құлқымен емес, ал ақылға салмай жасалынған, сол немесе басқа да жағдайларға жарамсыз, әлеуметтік норманы айқын түсінуге қабілетсіздігінен, жағдайға өзінше қарауымен сипатталатын қоғамға қарсы әрекеттерімен ерекшеленеді. Мұны зорлық-зомбылықты көрген әйелдердің өз-өзіне қол жұмсау, күйеуін өлтіру сияқты қоғамға қарсы әрекеттерінен көруге болады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер ешқандай себепсіз қауіптеніп отырады, көңіл-күйі тұрақсыз, айналадағы адамдармен көп араласа бермейді. Басқа адамдармен қарым-қатынаста шиеленіс орын алып отырады, ашуланшақ, өзін оқшау ұстайды, басқалармен тез араласып кете алмайды. Жаңа ортаға бейімделуі қиын, пассивті, өзімен өзі болғанды қалайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер өзі жеке қалғанда өзін сенімді сезінеді. Сонымен қатар, эмоционалды бастан кешулері жылдам ауысады, стресске төзімділігі төмен, өзінің денсаулығы үшін қатты уайымдайды. Осының салдарынан интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктері шектелген.

Құрбан болған әйелдер айналадағы адамдардың назарын өзінің күрделі, шиеленіскен ішкі жан дүниесіне аудартып, олардан көмек алғысы келеді. барлық нәрсеге үреймен, шиеленіспен қарайды. Әйелдер отбасындағы мәселені, өзін өте көп уайымдайды, мазасызданады, өзін-өзі қорғағысы келеді, тез ренжіп қалады, кекшіл, күмәншіл. өзіне берілген сын пікірлерге өте сезімтал, қарсы айтылған ойларға жол бергісі келмейді. Яғни өзі туралы ойлары тұрақты емес. Осы ерекшеліктердің барлығы әйелдердің қоршаған ортамен жанжалдасуына әкелуі мүмкін. Өзінікін дұрыс деп санайды. Қоршаған ортаға тез бейімделіп кетуін қиындататын әлеуметтік белсенділігі төмен, айналасында болып жатқан жағдайларға қызығушылық танытпайды Тәуекелге баруға қорқады және қауіптенеді. Қиын жағдайларда өзінше дербес шешім шығара алмайды.

Мінезі мазасыз, мүлдем шешім шығара алмайды, қорқақ, болашақтағы әрекеттерін ұзақ ойланады және қауіптенеді. Ұялшақ. Қоршаған ортадан оқшауланып өзінің ішкі әлеміне тұйықталуға бейім. Басқалармен қарым-қатынасқа түскенде өзінің шынайы «Менің» көрсете алмайды. Әлеуметтік ортамен үнемі қарым-қатынаста болмағандықтан, өзін-өзі ұстау, басқаларды тани алу қабілеті қалыптаспаған.

Ал енді қалыпты отбасындағы әйелдерге келетін болсақ, олар мейірімді, еңбекқор, өзінің денсаулығына шамадан тыс көп шағым жасай бермейді. Ешқандай негізсіз мазасызданбайды, қауіптенбейді, өзінің мүмкіндіктеріне және күшіне өте сенімді, белсенді, көп нәрсеге ынтасын көрсетіп отырады, көпшіл, қоршаған ортаға жақсы бейімделеді. Айналасындағыларға алғашқы сәттен ақ жақсы әсер қалдыра алады. Танымайтын ортаны жаулап алуға бейімділігі бар. өзіне және қоршаған ортаға деген талапшылдығы төмен. Басқа адамдармен ешқандай шиеленіссіз жылдам қарым-қатынасқа түсе алады. Көңіл-күйі тұрақты, эмоционалды ауытқушылық жоқ. Басқаларды түсінуге ұмтылады. Мінез-құлқы тұрақты, табиғи. Тұлғаның өз-өзін жетілдіруге мүмкіндік беретін психологиялық механизмдері жетілген. Өзінің мақсатына жетуге ұмтылады, табандылық көрсетеді. Өз-өзіне сенімді, белгісіз, ақпарат жеткіліксіз жағдайда жылдам, дұрыс шешім шығаруға қабілетті. Оптимист. Ашық.

Сонымен тұрмыстық зорлық зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық профилін қалыптастыра отырып мынандай тұлғалық қасиеттер анықталды:

Тұлғалық сферасы бойынша:

- интроверт;

- басқалардың зейін орталығында болғысы келеді;
- шешім шығара алмаушылық және пассивтілік;
- шамадан тыс өз-өзін қорғау механизмі;
- тұйық;
- мазасыз;
- ұялшақ.

Эмоционалды сферасы бойынша:

- көңіл-күйді тұрақсыз;
- стреске төзімсіздік;
- қоршаған ортамен жанжалды қатынас;
- эмоционалды реакциясы кейде адекватты емес, қылықтары оғаш;
- эмоционалды бастан кешулері жылдам ауысады;
- қарым-қатынаста ашуланшақ.

Когнитивтік сферасы бойынша:

- ойлары өзінің ішкі мәселелеріне тұйықталған;
- санада нақты бір қорқыныштар мен қауіптердің болуы;
- өмірдегі шынайы жағдайды талдай алмау;
- болашақтағы әрекеттерін ұзақ ойланады және қауіптенеді;
- өзіндік бағалауы төмен.

Қорытынды.

Сонымен, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбан болған әйелдің және отбасының басқа да мүшелерінің психикалық денсаулығына теріс әсерін көрсетеді. Өзінің үйінде немесе оны жақсы көрген және қамқор болуы керек адамдардан үнемі қауіпсіздік сезімін түйсіну, қауіп сезімін тудырады, еркін жүруге, өз ойын ашық айтуға мүмкіндік бермейді. Мұның барлығы психологиялық травмаға әкелетініне жүргізілген зерттеуден көз жеткіздік. Кейінгі жылдар ішінде елімізде осы саладағы заңдылықтарды нығайту бойынша заңнамалық және тәжірибелік шаралар жүргізіліп жатыр. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заң қабылданды. Бұл заң зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауды және отбасылық жанжал шығарушыларға қатысты қылмыстық-процестік мәжбүрлеуді қамтамасыз ету мүмкіндіктері едәуір кеңейді. Соның арқасында отбасылық саладағы қылмыстардың азаю динамикасына қол жеткізу мүмкін болды. Бірақ бұл мәселе әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Себебі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдермен оңалту жұмыстарын қалыптастыру жоғарғы деңгейге жеткен жоқ. Құрбан болған әйелдермен әлеуметтік-психологиялық оңалту жұмыстары көптеп қарастырылуда. Алайда психологиялық оңалтумен қатар, әлеуметтік-педагогикалық оңалтуды дамыту маңызды. Себебі әйелдердің құрбан болуына әкелетін бір фактор олардың білім деңгейінің, дүниетанымының төмен болуынан. Балалық шағында дұрыс тәрбие көрмегендіктен. Сондықтан да біз зерттеуімізді қорытындылай отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдермен психологиялық оңалту жұмыстарымен қатар әлеуметтік-педагогикалық оңалту жұмысының жүйесін қалыптастыру қажет деп санаймыз. Олар:

- Құрбан болған әйелдердің жоғарғы білім алуын қамтамасыз ету;
- Еңбекпен қамту;
- Жыныстық білім беруді дамыта отырып, жыныстық тәрбиені қалыптастыру;
- Отбасылық тәрбие жөнінде дәрістер өткізу;
- Гендерлік саясат арқылы құқықтық ағарту жұмыстарын жүргізу;
- Андрогогикалық білімді, формалды емес және информалды білім арқылы жүзеге асыру;
- Өзінше дербес білім алуын қамтамасыз ету;
- Құрбан болған әйелдермен ғана емес, зорлық көрсеткен ер адамдарға психологиялық түзету жұмысын жүргізе отырып, оларды да тәрбиелеу және білімін көтеруге жағдай жасау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Послание лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана - «Казахстан 2050» [Электрон. ресурс]. -2012. URL: [://www.vainahkg.kz/e/3169057-poslanie-lidera-natsii-n-a-nazarbaeva-narodu](http://www.vainahkg.kz/e/3169057-poslanie-lidera-natsii-n-a-nazarbaeva-narodu), (дата обращения 15.08.2012)
2. Как решаются проблемы бытового насилия в Казахстане. - URL:[://www.caravan.kz/news/kak-reshayutsya-problemy-bytovogo-nasiliya-v-kazakhstane-404495/](http://www.caravan.kz/news/kak-reshayutsya-problemy-bytovogo-nasiliya-v-kazakhstane-404495/) [Электрон. ресурс]. -2017 (дата обращения: 16.11.2017)
3. ООН: около 50 тысяч женщин погибли за один год от насилия в семье-2019. - URL:[://rus.azattyq.org/a/30044927.html](http://rus.azattyq.org/a/30044927.html), [Электрон. ресурс] -2019 (дата обращения: 09.07.2019)
4. Аян Бекенұлы Астанада тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 4 мыңға жуық әйел арызданған. [Электрон. ресурс]-2018. - URL:[://lenta.inform.kz/kz/astanada-turmystyk-zorlyk-zombylykka-katysty-4-mynga-zhuyk-ayel-aryzdangan_a3474353](http://lenta.inform.kz/kz/astanada-turmystyk-zorlyk-zombylykka-katysty-4-mynga-zhuyk-ayel-aryzdangan_a3474353) (дата обращения: 06.12.2018)
5. А.С. Зубрицкая. Особенности психологической помощи женщинам, пострадавшим от домашнего насилия. - 2014. - № 1. - С. 78.
6. Платонова Н.М. Семья и домашнее насилие. Практика консультирования мужчин-субъектов домашнего насилия. - Санкт-Петербург: «Институт недискриминационных гендерных отношений». Кризисный центр для женщин, 2013 . — 217 с.
7. Violence in America: a Public Health Approach. Marc L Rosenberg. Cary: Oxford University Press, Incorporated, 1991.
8. Collaborating against child abuse: exploring the Nordic Barnahus model. Susanna Johansson; Kari Stefansen; Elisiv Bakketeig; Anna Kaldal. Cham, Switzerland : Palgrave Macmillan, [2017]
9. M Hester; H Abrahams; N Harwin; C Pearson Making an impact : children and domestic violence. London: Jessica Kingsley, 2007.
10. Joan C McClennen .Social Work and Family Violence: Theories, Assessment, and Intervention. New York: Springer, cop. 2010.
11. Makhadiyeva A.K., Shalgynbayeva K.K., Slambekova T.S., Albytova N.P., Akymbek G.Sh. Personal profile of women subjected to domestic violence in Kazakhstan. Journal of Advanced Pharmacy Education & Research. Published by SPER Publication. India. Jan-Mar 2019. Vol 9. issue 1 117, p. 108-117.

К.К.Шалгынбайева¹, А.К. Мakhadiyeva², Бекир Булұч³

¹*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

³*Gazi University, Ankara, Turkey*

Socio-pedagogical system of rehabilitation of women victims of domestic violence

Abstract. The article considers the gender policy of Kazakhstan, Russia and other countries to determine the social status of women are suffering from domestic violence in domestic and foreign society, analyzes the foreign model of rehabilitation of women suffering from domestic violence. Psychological studies have demonstrated the most effective methods of socio-pedagogical rehabilitation of women victims of domestic violence, based on the data obtained from the results of the study, forming an individual profile of women victims of violence.

Keywords: family, domestic violence, gender policy, socio-pedagogical rehabilitation system, personality profile.

Қ.Қ. Шалғынбаева¹, А.К. Махадиева², Bekir Buluç³

¹²*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

³*Университет Гази, Анкара, Турция*

Аннотация. В статье рассмотрена гендерная политика Казахстана, России и других государств с целью определения социального положения женщин, страдающих от бытового насилия в отечественном и зарубежном обществе, проанализирована зарубежная модель реабилитации женщин, страдающих от домашнего насилия. В результате психологического исследования представлены наиболее эффективные методы социально-педагогической реабилитации женщин, ставших жертвами бытового насилия. Исходя из данных, полученных из результатов исследования, сформирован личностный профиль женщин-жертв насилия.

Ключевые слова: семья, домашнее насилие, гендерная политика, социально-педагогическая система реабилитации, личностный профиль.

References

1. Poslaniye lidera natsii N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstana - “Kazakhstan 2050” [Message from the leader of the nation N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan - “Kazakhstan 2050”] [Electron. resource]. -2012. Available at: www.vainahkg.kz/e/3169057-poslanie-lidera-natsii-n-a-nazarbaeva-narodu (Accessed: 15.08.2012).
2. Kak reshayutsya problemy bytovogo nasiliya v Kazakhstane [How to solve the problems of domestic violence in Kazakhstan] [Electron. resource]. - 2017 Available at: www.caravan.kz/news/kak-reshayutsya-problemy-bytovogo-nasiliya-v-kazakhstane-404495/ (Accessed: 11.06.2017)
3. OON: okolo 50 tysyach zhenshchin pogibli za odin god ot nasiliya v sem'ye [UN: about 50 thousand women died in one year from domestic violence] [Electron. resource]. -2019. Available at: [//rus.azattyq.org/a/30044927.html](http://rus.azattyq.org/a/30044927.html), -2019. (Accessed: July 9, 2019)
4. Ayan Bekenuly Astanada turmystyk, zorlyk, -zombylykka katysty 4 mynga zhuyk, әyel aryzdangan. [In Astana about 4 thousand women have applied for domestic violence] [Electron resource] -2018. Available at: [//lenta.inform.kz/en/astanada-turmystyk-zorlyk-zombylykka-katysty-4-mynga-zhuyk-ayelaryzdangan_a3474353](http://lenta.inform.kz/en/astanada-turmystyk-zorlyk-zombylykka-katysty-4-mynga-zhuyk-ayelaryzdangan_a3474353) (Accessed: 06.12.2018)
5. A.S Zubritskaya. Osobennosti psikhologicheskoy pomoshchi zhenshchinam, postradavshim ot domashnego nasiliya [Features of psychological assistance to women affected by domestic violence.], 1, 78 (2014).
6. Platonova N.M. Sem'ya i domashneye nasiliye. Praktika konsul'tirovaniya muzhchin-sub'yektov domashnego nasiliya [Family and domestic violence. Counseling Practice for Male Subjects of Domestic Violence], (“Institute for Non-Discriminatory Gender Relations”, Crisis Center for Women, Sankt-Peterburg, 2013, 217 p.).
7. Violence in America: a Public Health Approach. Marc L Rosenberg. Cary: Oxford University Press, Incorporated, 1991.
8. Collaborating against child abuse : exploring the Nordic Barnahus model. Susanna Johansson; Kari Stefansen; Elisiv Bakketeig; Anna Kaldal. Cham, Switzerland: Palgrave Macmillan, [2017]
9. M.Hester; H. Abrahams; N. Harwin; C Pearson Making an impact : children and domestic violence. London: Jessica Kingsley, 2007.
10. Joan C. McClennen. Social Work and Family Violence: Theories, Assessment, and Intervention. New York: Springer, cop. 2010.
11. Makhadiyeva A.K., Shalgybayeva K.K., Slambekova T.S., Albytova N.P., Akymbek G.Sh. Personal profile of women subjected to domestic violence in Kazakhstan. Journal of Advanced Pharmacy Education & Research. Published by SPER Publication. India. Jan-Mar 2019. Vol 9. issue 1 117, p. 108-117.

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбаева Қ.Қ. - п.ғ.д., «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Махадиева А.К. - 6D012300 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Бекир Булуç – «Бастауыш білім беру» кафедрасының профессоры, Гази университеті, Анкара, Түркия.

Shalgyimbaeva K.K. - PhD of Pedagogical Sciences, Professor of the Department «Social Pedagogy and Self-knowledge», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Makhadiyeva A.K. - 3rd year PhD student of the specialty 6D012300 - «Social Pedagogy and Self-knowledge», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str.6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Bekir Buluç – Professor, Department of “Primary Education”, Gazi University, Ankara, Turkey.